



# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

- 8D05101 – Биология

**БІЛІМ БЕРУ  
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ  
МАҚСАТЫ**

Педагогикалық, ғылыми-зерттеу және басқару қызметін сәтті жүзеге асыратын, қазіргі заманғы ғылыми және практикалық мәселелерді тұжырымдай және шеше алатын, бәсекелі білім беру ортасындағы ең жоғары академиялық стандарттармен сәйкес заманауи биологияда терең білімі бар PhD докторларын даярлау

**КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ  
САЛАСЫ**

Ғылыми-зерттеу қызметі, мемлекеттік реттеу, биологиялық сараптама және мониторинг, педагогикалық қызмет

# ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

**ОН 1** – кәсіптік этика қағидаттарын сақтайды, кәсіптік қызметте пәндік саладағы білімін, бақылау өлшеу құралдарын, жүйе дамуының тенденцияларын және нормативтік құқықтық актілерді пайдаланады;

**ОН 2** – әртүрлі теориялардың, тәсілдердің, бағыттардың ғылыми жетістіктерін жалпылау негізінде биологиялық құбылыстардың проблемалық зерттеу өрісінің қазіргі жай-күйіне ғылыми талдауды жүзеге асырады;

**ОН 3** – биологияның әртүрлі салаларында ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу кезінде классикалық және заманауи әдіснамалық принциптерді қолданады;

**ОН 4** – биологиялық процестер мен құбылыстардың негізгі заңдылықтарын зерттеу мақсатында аналитикалық, сараптамалық және болжамдық қызмет дағдыларын көрсетеді;

**ОН 5** – биологтың кәсіби этикасының қағидалары мен нормаларын сақтай отырып, ғылыми ақпаратты валидтік әдістерді қолдана отырып талдайды, өңдейді, түсіндіреді, жүйелейді және жинақтайды;

**ОН 6** – ғылыми биология саласында ғылыми-зерттеу және қолданбалы қызметтің жаңа әдістемелерін түрлендіреді, жасайды;

**ОН 7** – сыни талдау дағдыларын, қалыптасқан стереотиптерді жеңу қабілеттерін қолданады;

**ОН 8** – пәндік салада ақпараттық технологияларды тиімді пайдаланады.